

Ақтөбе облысы білім басқармасының Алға ауданы бойынша білім
бөлімі» мемлекеттік мекемесінің
«Сарықобда орта мектебінің» коммуналдық
мемлекеттік мекемесінің білім беру қызметінің 2023-2024 оқу жылындағы
өзін-өзі бағалау қорытындысы

2024 жыл, Сарықобда ауылы

1. Білім беру ұйымының жалпы сипаттамасы:

1) Мекеменің атауы: Ақтөбе облысы білім басқармасының Алға ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Сарықобда орта мектебінің» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

2) Пайдалануға берілген жылы: 1 қыркүйек 1982 жылы ашылған, 2 қабатты, 2 корпусан тұрады. Мектептің сыйымдылығы 320 орын.

Жалпы мектептің ауданы, құрылыс көлемі 12297,1 сот. ш. м., жалпы пайдалы ауданы 1923,2 ш. м. Мектептің жалпы материалдық техникалық базасы жөнінде, мектепте информатика кабинеті – 58,40 ш. м., биология кабинеті – 50,30 ш. м., физика кабинеті – 52,40 ш. м., кітапхана – 63,10 ш.м., мед. кабинет – 8,60 ш.м, мұғалімдер бөлмесі – 34,30 ш. м., психолог бөлмесі – 18,80 ш.м., директор кабинеті – 23,60 ш.м., әдістемелік кабинет -15,40 ш.м., оқу кабинеттері -10 кабинет бар

3) Білім беру ұйымының орналасқан жері: Ақтөбе облысы, Алға ауданы, Сарықобда ауылдық округі, Сарықобда ауылы, Жастар көшесі, №21Б.

4) Заңды тұлғаның байланыс деректері: телефондар – 8(71337)71181, 87058197578, электронды поштасы – sarikobda@mail.ru, мектеп сайты <http://saryhobda.edu.kz/>

5) Рұқсат беру құжаттары: Санитарлық-эпидемиологиялық ұйғарым №D.02.X.KZ48VBS00046509 2016ж. 25.10. Сарықобда ОМ санитарлық-эпидемиологиялық ережелер мен нормалары сәйкес.

7) Лицензия 10409DD на занятие медицинской деятельностью от 03.12.2019 года включает амбулаторно-поликлиническую помощь детскому населению по специальностям, первичную медико-санитарную помощь, добравечную.

8) Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Алматы облысының төтенше жағдайлар департаменті Ақсу ауданының төтенше жағдайлар бөлімі, 05.04.2023.ж. №15 тексеру тағайындалу туралы Акт бойынша Бұзушылықтар анықталмады.

9) 2021 жылы 22 қаңтар айында KZ72LAA00019857 білім беру қызметімен айналысу үшін Лицензия. Лицензияланатын қызмет түрінің кіші түрлері – Бастауыш білім беру және Негізгі орта білім беру.

10) Құқық белгілейтін және құрылтай құжаттары: Заңды тұлғағы мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтамасы Жетісу облысы Әділет департаменті Ақсу ауданаралық әділет басқармасы 2021 жылы 11 Қаңтар берілген БСН 970440001419

2) Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, білім беру мазмұнына өлшемшарттар:

2023-2024 оқу жылында штаттық кестеге сәйкес біліктілік талаптары бойынша жалпы білім беретін мектепте 21 педагогтар. Олардың ішінде директор - 1, педагог-психолог – 1. Сабақты 21 педагог жүргізеді.

Жоғары педагогикалық білімі бар – **71.%** (15 адам, оның ішінде педагог-психолог-1 адам), техникалық және кәсіптік білімнің білімі бар – **28.9%** (6 адам). Қазіргі таңда педагогикалық жұмыс өтілі 3 жылға дейін – 4 педагог, 3-5 жылдан бастап - 2 педагог, 6-10 жылдан бастап – 7 адам, 10 жылдан астам – 8 педагог (оның ішінде педагог-психолог-1 адам).

Бастауыш сыныптарда 4 педагог сабақ жүргізеді, оның ішінде педагог-зерттеуші – 1 педагог, педагог-сарапшы – 1 педагог, педагог-модератор – 1 педагог, педагог-1.

Бастауыш білім беру деңгейіндегі педагогтердің жалпы санынан лицензиат негізгі жұмыс орны болып табылатын жоғары және бірінші санаттағы педагогтердің, педагог-сарапшы, педагог-зерттеуші, педагог-шеберлердің үлесі – 50%-ды құрады (білім беру ұйымдарын бағалау критерийлеріне 2-қосымшаның 4 – тармағы) "**uzdik**" бағасына сәйкес келеді.

Негізгі орта, жалпы орта білім беру сыныптарында 17 педагог жұмыс істеді, оның ішінде педагог-зерттеуші- 2, педагог-сарапшы – 4, педагог-модератор - 4.

Негізгі орта, жалпы орта білім беру педагогтерінің жалпы санынан лицензиат негізгі жұмыс орны болып табылатын жоғары және бірінші санаттағы педагогтердің, педагог-сарапшы, педагог-зерттеуші, педагог-шеберлердің үлесі – 58,9%-ды құрады (білім беру ұйымдарын бағалау критерийлеріне 2-қосымшаның 5-тармағы) "**uzdik**" бағасына сәйкес келеді.

2023-2024 оқу жылының басталуына байланысты 01.09.2023 жылғы №116-Ө педагогикалық кеңістің шешіміне сәйкес, «Білімді жас, білікті маман»» жас мамандар мектебінің құрамы бекітілді.

Жас мамандардың сабақтарына қатысып, жан-жақты әдістемелік көмек көрсету мақсатында төмендегі ұстаздар **№117 Бұйрық «Білімді жас, білікті маман» (01.09.2023 жыл)** бойынша жас мамандарға тәлімгер болып бекітілді:

2023-2024 оқу жылында 8 мұғалім біліктілігін арттыру курстарынан өтті. Оқыған ұйымдары: "Өрлеу" біліктілікті арттыру ұлттық орталығы Акционерлік қоғамы, "Назарбаев Зияткерлік мектептері" ДББҰ, "Назарбаев Зияткерлік мектептері" ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығының Талдықорған қ филиалы, Педагогикалық шеберлік орталығының Алматы қ.филиалы, Республикалық "Даму" педагогикалық-психологиялық дамыту орталығы.

Мұғалімдер келесі тақырыптар бойынша біліктілікті арттыру курстарынан өтті:

- Биология мұғалімдерінің пәндік құзыреттіліктерін дамыту

- D санатты жаттықтырушылар
- Бастауыш сынып 1-4 мұғалімдерінің "Математика", "Қазақ тілі" және "Әдебиеттік оқу" пәндері бойынша пәндік құзыреттіліктерін дамыту
- Денешынықтыру пәні мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігін дамыту
- 5-9 сыныптарға арналған оқу бағдарламасы шеберінде күрделі тақырыптар бойынша ағылшын тілі пәні педагогтердің базалық және құзыреттіліктерін дамыту
- География мұғалімдерінің пәндік құзыреттіліктерін дамыту
- Орыс тілі пәні бойынша пәндік құзыреттілігін дамыту

3) Білім алушылар контингентінің сандық құрамы:

2023-2024 оқу жылында 1-11 сынып аралығында 11 сынып комплектісі, 65 оқушы. МАД-1 сынып топтамасы, 7 оқушы. Жалпы мектепалды даярлық тобы мен 1-11сынып оқушыларын қосқандағы саны- 72 оқушы. Сыныптар толымдылығы толық:

Оқушы саны	7	6	10	3	8	8	12	2	4	6	3	3	72	

Деңгейлер бойынша, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылар жоқ.

2023-2024 оқу жылында оқушылар қозғалысы туралы мәлімет: жыл бойы кеткен оқушылар- 13 оқушы, жыл бойы келген оқушылар- 7 оқушы.

Оқу жылының соңында оқушы саны-64. Оның ішінде оқу озаттары-10, оқу екпінділері- 27 оқушы болды. Оның біреуі үздік куәлік иегері

4) Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, білім беру мазмұнына өлшемшарттар:

Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жаңартылған мазмұнына қойылатын талаптар:

1) білім беру ұйымының басшысымен бекітілген жұмыс оқу жоспары мен сабақтар кестелерінің болуы және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) талаптарына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8170 болып тіркелген) бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларына (бұдан әрі – ҮОЖ) сәйкестігі;

2024-2024 оқу жылында бастауыш сыныпта 1 сыныбында жұмыс оқу бағдарламасы бойынша апталық оқу жүктемесінің жоғарғы шекті көлемі 19,5 сағатты құрады, оның ішінде инварианттық оқу жүктемесі 18,5 сағатты құрады: «Тіл және әдебиет» - 6 сағат, «Математика және информатика»-4,5

сағат, «Жаратылыстану» - 1 сағат, «Адам және қоғам» - 1 сағат, «Технология және өнер» - 3 сағат, «Дене шынықтыру» - 3 сағат. Белсенді-қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтар белсенді-қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтар – 1 сағат.

Білім беру саласының инвариантты компонентінің жылдық оқу жүктемесі – 647,5 сағат құрады: «Тіл және әдебиет» - 210 сағат көлемінде: «Математика және информатика» - 157,5 сағат, «Жаратылыстану» - 35 сағат, «Адам және қоғам» - 35 сағат, «Технология және өнер» - 105, Дене шынықтыру - 105. Вариатив «Би» үйрмесі – 35 сағат. Жылдық оқу жүктемесінің жоғарғы шекті көлемі барлығы – 682,5 сағат құрады.

2-сыныпта жұмыс оқу бағдарламасы бойынша апталық оқу жүктемесінің жоғарғы шекті көлемі 24 сағатты құрады, оның ішінде инвариантты оқу жүктемесі 23 сағатты құрады : «Тіл және әдебиет» - 11 сағат, «Математика және информатика» - 5 сағат, «Жаратылыстану» - 1 сағат, «Адам және қоғам» - 1 сағат, «Технология және өнер» - 2 сағат, «Дене шынықтыру» – 3 сағат.

Вариатив апталық оқу жүктемесі – 1 сағат қазақ тілінде жүргізілетін сыныпта: дамытушылық сипаттағы жеке және топтық сабақтар - «Ойна да ойла» - 1 сағат.

Білім беру саласының инвариантты компонентінің жылдық оқу жүктемесі – 828 сағат құрады: «Тіл және әдебиет» білім беру саласының инвариантты компонентінің жылдық оқу жүктемесі 396 сағат көлемінде, «Математика және информатика» - 180 сағат, «Жаратылыстану» - 36 сағат, «Адам және қоғам» - 36 сағат, «Технология және өнер» - 72, Дене шынықтыру - 108. Вариатив компоненттің жылдық оқу жүктемесінің жалпы көлемі 36 сағатты құрады. Жылдық оқу жүктемесінің жоғарғы шекті көлемі барлығы – 864 сағат құрады.

3-сыныпта жұмыс оқу бағдарламасы бойынша апталық оқу жүктемесінің жоғарғы шекті көлемі 26 сағатты құрады, оның ішінде инвариантты оқу жүктемесі 25 сағатты құрады: «Тіл және әдебиет» - 11 сағат, «Математика және информатика» - 6 сағат, «Жаратылыстану» - 2, «Адам және қоғам» - 1 сағат, «Технология және өнер» - 2, Дене шынықтыру - 3 сағат. Вариатив апталық оқу жүктемесі – 1 сағат қазақ тілінде жүргізілетін сыныпта - «Қолөнер» - 1 сағат.

Білім беру саласының инвариантты компонентінің жылдық оқу жүктемесі – 900 сағат құрады: «Тіл және әдебиет» білім беру саласының инвариантты компонентінің жылдық оқу жүктемесі 396 сағат көлемінде, «Математика және информатика» - 216 сағат, «Жаратылыстану» - 72 сағат, «Адам және қоғам» - 36 сағат, «Технология және өнер» - 72, Дене шынықтыру - 108. Вариатив компоненттің жылдық оқу жүктемесінің жалпы көлемі 36 сағатты құрады. Жылдық оқу жүктемесінің жоғарғы шекті көлемі барлығы – 936 сағат құрады.

4-сыныпта жұмыс оқу бағдарламасы бойынша апталық оқу жүктемесінің жоғарғы шекті көлемі 26 сағатты құрады, оның ішінде инвариантты оқу жүктемесі 25 сағатты құрады: «Тіл және әдебиет» - 11 сағат, «Математика және информатика» - 6 сағат, «Жаратылыстану» - 2, «Адам және қоғам» - 1 сағат, «Технология және өнер» - 2, Дене шынықтыру - 3 сағат. Вариатив апталық оқу жүктемесі – 1 сағат қазақ тілінде жүргізілетін сыныпта - «Тоғызқұмалақ» - 1 сағат.

Білім беру саласының инвариантты компонентінің жылдық оқу жүктемесі – 900 сағат құрады: «Тіл және әдебиет» білім беру саласының инвариантты компонентінің жылдық оқу жүктемесі 396 сағат көлемінде, «Математика және информатика» - 216 сағат, «Жаратылыстану» - 72 сағат, «Адам және қоғам» - 36 сағат, «Технология және өнер» - 72, Дене шынықтыру - 108. Вариатив компоненттің жылдық оқу жүктемесінің жалпы көлемі 36 сағатты құрады. Жылдық оқу жүктемесінің жоғарғы шекті көлемі барлығы – 936 сағат құрады.

Негізгі білім беру мектепте

5-сыныпта жұмыс оқу бағдарламасы /оқыту қазақ тілінде/ бойынша апталық оқу жүктемесінің жоғарғы шекті көлемі 28,5 сағатты құрады, оның ішінде инвариантты оқу жүктемесі 28 сағатты құрады): «Тіл және әдебиет» - 11 сағат, «Математика и информатика» - 6 сағат, «Жаратылыстану» - 2, «Адам және қоғам» - 3 сағат, «Технология және Өнер» - 3 сағат, «Дене шынықтыру» - 3 сағат. Вариатив апталық оқу жүктемесі – 0,5 сағат: «Парасаттылық және әдеп» - 0,5 сағат.

«Тіл және әдебиет» білім беру саласының инвариантты компонентінің жылдық оқу жүктемесі 396 сағат көлемінде, «Математика және информатика» - 216 сағат, «Жаратылыстану» - 72 сағат, «Адам және қоғам» - 108 сағат, «Технология және Өнер» - 108 сағат, «Дене шынықтыру» - 108 сағат. Инвариантты компоненттің жылдық оқу жүктемесі 1008 сағатты құрады. Вариатив компоненттің жылдық оқу жүктемесінің жалпы көлемі – 18 сағат: оның ішінде факультатив сабақтары «Парасаттылық және әдеп» - 18 сағат. Барлығы – 1026.

6 сыныпта жұмыс оқу бағдарламасы /оқыту қазақ тілінде/ бойынша апталық оқу жүктемесінің жоғарғы шекті көлемі 28,5 сағатты құрады, оның ішінде инвариантты оқу жүктемесі 28 сағатты құрады): «Тіл және әдебиет» - 11 сағат, «Математика және информатика» - 6 сағат, «Жаратылыстану» - 2, «Адам және қоғам» - 3 сағат, «Технология және Өнер» - 3 сағат, «Дене шынықтыру» - 3 сағат. Вариатив апталық оқу жүктемесі – 0,5 сағат: «Парасаттылық және әдеп» - 0,5 сағат.

«Тіл және әдебиет» білім беру саласының инвариантты компонентінің жылдық оқу жүктемесі 396 сағат көлемінде, «Математика және информатика» - 216 сағат, «Жаратылыстану» - 72 сағат, «Адам және қоғам» - 108 сағат, «Технология және Өнер» - 108 сағат, «Дене шынықтыру» - 108 сағат. Инвариантты компоненттің жылдық оқу жүктемесі 1008 сағатты

құрады. Вариатив компоненттің жылдық оқу жүктемесінің жалпы көлемі – 18 сағат: оның ішінде факультатив сабақтары «Парасаттылық және әдеп» - 18 сағат. Барлығы – 1026.

7-сыныпта жұмыс оқу бағдарламасы бойынша апталық оқу жүктемесінің максималды көлемі 31,5 сағатты құрады, оның ішінде инвариантты оқу жүктемесі 31 сағатты құрады: «Тіл және әдебиет» - 11 сағат, «Математика және информатика» - 6 сағат, «Жаратылыстану» - 7, «Адам және қоғам» -3 сағат, «Технология және Өнер» - 1 Дене шынықтыру – 3 сағат. Вариативтік компонент 0,5 сағат: жаһандық құзыреттілік немесе таңдау бойынша басқа курстар «Эмоционалды интеллект сыни ойлау»– 0,5 сағат.

Білім беру саласының инвариантты компонентінің жылдық оқу жүктемесі – 1116 сағат құрады: «Тіл және әдебиет» білім беру саласының инвариантты компонентінің жылдық оқу жүктемесі 396 сағат көлемінде, «Математика және информатика» - 216 сағат, «Жаратылыстану» - 252 сағат, «Адам және қоғам» - 108 сағат, «Технология және Өнер» - 72, Дене шынықтыру - 108. Вариатив компоненттің жылдық оқу жүктемесінің жалпы көлемі 18 сағатты құрады. Жылдық оқу жүктемесінің жоғарғы шекті көлемі барлығы – 1134 сағат құрады.

8-сыныптарда жұмыс оқу бағдарламасы бойынша апталық оқу жүктемесінің максималды көлемі 32,5 сағатты құрады, оның ішінде инвариантты оқу жүктемесі 32 сағатты құрады: «Тіл және әдебиет» - 11 сағат, «Математика және информатика» - 6 сағат, «Жаратылыстану» - 8, «Адам және қоғам» -3 сағат, «Технология және Өнер» - 1 Дене шынықтыру – 3 сағат. Вариативтік компонент 0,5 сағат: жаһандық құзыреттілік немесе таңдау бойынша басқа курстар «Медиасауаттылық»– 0,5 сағат.

Білім беру саласының инвариантты компонентінің жылдық оқу жүктемесі – 1152 сағат құрады: «Тіл және әдебиет» білім беру саласының инвариантты компонентінің жылдық оқу жүктемесі 396 сағат көлемінде, «Математика және информатика» - 216 сағат, «Жаратылыстану» - 288 сағат, «Адам және қоғам» - 108 сағат, «Технология және Өнер» - 72, Дене шынықтыру - 108. Вариатив компоненттің жылдық оқу жүктемесінің жалпы көлемі 18 сағатты құрады. Жылдық оқу жүктемесінің жоғарғы шекті көлемі барлығы – 1170 сағат құрады.

9-сыныпта жұмыс оқу бағдарламасы бойынша апталық оқу жүктемесінің жоғарғы шекті көлемі 34 сағатты құрады, оның ішінде инвариантты оқу жүктемесі 33 сағатты құрады: «Тіл және әдебиет» - 11 сағат, «Математика және информатика» - 6 сағат, «Жаратылыстану» - 8, «Адам және қоғам» -4 сағат, «Технология және Өнер» - 1 Дене шынықтыру – 3 сағат. Вариативтік компонент 1 сағат: жаһандық құзыреттілік немесе таңдау бойынша басқа курстар «Зайырлылық және дінтану негіздері»– 1 сағат.

Білім беру саласының инвариантты компонентінің жылдық оқу жүктемесі – 1188 сағат құрады: «Тіл және әдебиет» білім беру саласының инвариантты компонентінің жылдық оқу жүктемесі 396 сағат көлемінде, «Математика және информатика» - 216 сағат, «Жаратылыстану» - 288 сағат, «Адам және қоғам» - 144 сағат, «Технология және Өнер» - 72, Дене шынықтыру - 108. Вариатив компоненттің жылдық оқу жүктемесінің жалпы көлемі 36 сағатты құрады. Жылдық оқу жүктемесінің жоғарғы шекті көлемі барлығы – 1224 сағат құрады.

2) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8424 болып тіркелген) жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына (бұдан әрі – ЖББ үлгілік оқу бағдарламалары) сәйкес жүзеге асырылатын оқу пәндерінің базалық мазмұнын игеру;

Бастауыш білім берудің инвариантты компонент бойынша пәндердің базалық мазмұны "Тіл және әдебиет" білім беру саласының "Әліппе", «Ана тілі», "Қазақ тілі", "Орыс тілі", "Әдебиеттік оқу", "Шетел тілі"; "Математика және информатика" білім беру саласының мазмұны "Математика", "Цифрлық сауаттылық"; "Жаратылыстану" білім беру саласының мазмұны "Жаратылыстану"; "Адам және қоғам" білім беру саласының мазмұны "Дүниетану", "Технология және өнер" білім беру саласының мазмұны "Музыка", "Көркем еңбек", «Еңбекке баулу», «Бейнелеу өнері»; "Дене шынықтыру" білім беру саласының мазмұны "Дене шынықтыру" оқу пәндерінде іске асырылады.

Негізгі орта білім берудің базалық мазмұны үштілді білім беру саясаты шеңберінде іске асырылды. Үштілді білім берудің мақсаты көптілді тұлғаны – кемінде үш тілді меңгерген, қызметтің әртүрлі салаларында үш тілде еркін диалог жүргізе алатын, өз халқының мәдениетін бағалайтын, басқа халықтардың мәдениетін түсінетін және құрметтейтін Қазақстанның азаматын қалыптастыруға негізделеді.

Негізгі орта білім берудің әр білім беру саласы бойынша базалық мазмұны білім алушыларға тек ғылым негіздерін оқытып қана қоймай, олардың тиімді әлеуметтенуіне ықпал ететін рухани, әлеуметтік және мәдени тәжірибелерін одан әрі дамытуды қамтамасыз етудің қажеттілігі ескеріле отырып анықталды.

"Тіл және әдебиет" білім беру саласының мазмұны: "Қазақ тілі", «Қазақ әдебиеті», "Орыс тілі мен әдебиеті", "Шетел тілі";

"Тіл және әдебиет" білім беру саласының мазмұны басқа тілдік және тілдік емес оқу пәндерімен пәнаралық байланысты пайдалануды; білім алушылардың ойдағыдай әлеуметтенуін; білім алушылардың жас ерекшеліктеріне, қажеттіліктері мен қызығушылықтарына сәйкес тілдік дағдыларын дамытуды; қазіргі әлемде тілдерді оқытудың маңыздылығын түсінуді; рухани-адамгершілік құндылықтардың дамуын; көптілді және

көпмәдениетті әлемнің тұтастығын түсінуді; қарым-қатынас процесінде тұлғаарлық және мәдениетаралық байланыстарды орнатуды; өзге елдердің мәдениетімен танысу арқылы әртүрлі көзқарастарды сыйлай білуге тәрбиелеуді; оқыту тілінде түрлі ақпарат көздерімен, оның ішінде интернет ресурстарымен өз бетінше жұмыс істей білуді; шығармашылық және сын тұрғысынан ойлауды дамыту және пайдалануды қамтамасыз етеді.

"Математика және информатика" білім беру саласының мазмұны "Математика", "Алгебра", "Геометрия", "Информатика" оқу пәндерінде іске асырылады.

"Математика және информатика" білім беру саласының мазмұны математика мен информатиканың әлемдегі рөлін айқындау және түсіну қабілетін қалыптастыруды; математиканы ғылымның әмбебап тілі, құбылыстар мен процестерді модельдеудің құралы ретінде түсінуді; математика мен информатиканы оқыту кезінде орта білім беру деңгейлеріндегі сабақтастықты, пәнаралық және пәнішілік байланыстарды; жалпы орта білім беру деңгейінде оқуды жалғастыруға және сабақтас пәндерді оқуға, оларды күнделікті өмірде пайдалануға қажетті базалық математикалық білім мен біліктерді меңгеруді; бағдарламалау технологиясының және ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың теориялық негіздері бойынша базалық білім жүйесін, информатиканы және басқа да пәндерді оқу кезінде ақпараттық және телекоммуникациялық технологияларды пайдалана отырып шынайы объектілер мен процестердің модельдерін қолдану және түрлендіру біліктерін меңгеруді; функционалдық сауаттылықты, логикалық, алгоритмдік және операциялық ойлауды, кеңістікті елестетуді, математика мен информатиканың түрлі тілдерін (сөздік, символдық, талдамалық, графикалық) пайдалану қабілеттерін, әртүрлі нысанда берілген ақпаратты қабылдау және сын тұрғысынан талдауды дамытуды қамтамасыз етеді.

"Жаратылыстану" білім беру саласының мазмұны "Жаратылыстану", "Физика", "Химия", "Биология", "География" оқу пәндерінде іске асырылады.

"Жаратылыстану" білім беру саласының мазмұны функционалдық білім мен біліктерді, жоспарлау, талдау және өңдеу, түсіндіру, жүйелеу, алгоритм бойынша жұмыс, зерттеу, практикалық-эксперименттік дағдыларды жетілдіру, қорытындыларды бағалау және тұжырымдау дағдыларын қалыптастыруды; әлемнің қазіргі жаратылыстану көрінісінің негізінде жатқан іргелі ұғымдарды, заңдылықтарды, теориялар мен қағидаттарды, табиғатты ғылыми тану әдістерін, табиғатты, экономиканы және қоғамды кешенді зерттеу негізінде адамзаттың ғаламдық және жергілікті проблемаларын түсінуді тереңдетуді; экологиялық мәдениетті, ғылыми, жобалық және кеңістіктік ойлауды дамытуды; патриоттық сезімдерді, қоршаған ортаға деген жауапкершілікті және ұқыпты қарауды

тәрбиелеуді; білім алушыларды жаратылыстану ғылымдары бағытында кәсіби бағдарлауды іске асыруды қамтамасыз етеді.

"Адам және қоғам" білім беру саласының оқу пәндерінің мазмұны "Қазақстан тарихы", "Дүниежүзі тарихы", "Құқық негіздері" оқу пәндерінде іске асырылады.

"Адам және қоғам" білім беру саласының мазмұны білім алушыларда "Адам – Қоғам" жүйесі шеңберінде қоғамдық-гуманитарлық ғылымдар бойынша білім негіздерін қалыптастыруға бағытталуы тиіс. Оқу пәндерінің мазмұны білім алушыларда тарихи ойлау, өткен және қазіргі жағдайды, олардың өзара байланысын түсіну мен ұғыну, тарихи, құқықтық, экономикалық, саяси, әлеуметтік ақпарат көздері материалдары бойынша талдау мен негізделген қорытындылар жасау және соның негізінде ешкімге тәуелсіз тұжырым жасау, өзіндік сараланған шешімдер қабылдау дағдыларын қалыптастыруға; патриотизм сезімін тәрбиелеуге, құқықтық сауаттылықты, демократиялық құқықтық қоғам идеалдары мен құндылықтарын түсінуді, әлеуметтік-мәдени байланыс жағдайында тиімді өзара қарым-қатынасты іске асыру және коммуникативтік құралдарды таңдау үшін белсенді азаматтық ұстанымды қалыптастыруға; жалпыадамзаттық, этномәдени құндылықтар жүйесіне, әлеуметтік-экономикалық және саяси жағдайларға жеке қатынасын айқындай білуін дамытуға, адамгершілік таңдауды жүзеге асыру үшін қажетті әлеуметтік құбылыстар мен оқиғаларды бақылау мен бағалауға бағытталады.

"Технология және өнер" білім беру саласының мазмұны "Музыка", "Көркем еңбек" оқу пәндерінде іске асырылды.

"Технология және өнер" білім беру саласының мазмұны қоршаған әлемнің бейнесін, өскелең ұрпақтың ортақ мәдениетін тұтастай қабылдауды, білім алушылардың эстетикалық, рухани-адамгершілік және эмоционалдық саласын қоғамның ұлттық және әлемдік көркем құндылықтары негізінде дамытуға, адам өміріндегі өнер мен технологиялардың рөлі туралы негізгі түсініктерді дамытуға, қазақ халқының және әлемнің басқа да халықтарының салт-дәстүрлеріне, мәдениетіне және әртүрлі өнер түрлерін түсінуге және құрметтеуге; өнердің әртүрлі түрлерінде көркем, музыкалық және жобалық әрекетті жүзеге асыру білімдерін, біліктерін және дағдыларын одан әрі дамытуға; негізгі технологиялық білім, білік, дағдыларды, соның ішінде компьютерлік цифрлық технологияларды қолдану арқылы; әртүрлі музыкалық цифрлық технологияларды қоса алғанда, вокалды және инструменталды дағдыларды дамытуға; мәнерліліктің көркем және музыкалық құралдары және заманауи технологиялар арқылы әлемді танудың әртүрлі әдістерін өз бетінше меңгеруге бағытталады.

"Дене шынықтыру" білім беру саласының мазмұны "Дене шынықтыру" оқу пәнінде іске асырылады.

"Дене шынықтыру" білім беру саласының мазмұны денсаулықты нығайтуға, негізгі дене бітімі қасиеттерін дамытуға және ағзаның қызметтік мүмкіндіктерін жоғарылатуға; қозғалыс мәдениетін қалыптастыруға, қозғалыс тәжірибесін жалпылай дамыту мен түзетуге бағытталған физикалық жаттығулар арқылы байытуға; дене шынықтыру-сауықтыру және спорттық-сауықтыру іс-әрекеті дағдысы мен іскерлігіне, дене жаттығуларын жасауды өз бетінше ұйымдастыруға үйретуге; базалық және ұлттық спорт түрлерінің техникалық қимылдарымен амалдарын меңгеруге; патриоттық сезімге, өз Отанын сүйуге және рухани ерік-жігер қасиеттеріне тәрбиелеуге бағытталады.

3) білім алушылардың таным мәселелерін шешуге және субъективті жаңа білімді меңгеруге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпыадамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған тәрбие жұмысын іске асыру;

Тәрбие жұмысы жылдық жоспарға сәйкес төмендегі көрсетілген бағыттары арқылы жүзеге асырылды:

- Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие,
- Құқықтық тәрбие
- Рухани-адагершілік тәрбие
- Ұлттық тәрбие
- Отбасы тәрбиесі
- Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие
- Көпмәдениетті және көркем –эстетикалық тәрбие
- Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі
- Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты

Тәрбиенің мақсаты – жалпы азаматтық және ұлттық құндылықтар негізінде жан-жақты және үйлесімді дамыған тұлға тәрбиелеу.

Тәрбиенің міндеттері:

- Жаңа демократиялық қоғамда өмір сүруге қабілетті азамат және патриот қалыптасуына; тұлғаның саяси, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыруға; балалар мен жастардың құқықтық санасының өсуіне, оның балалар мен жастар ортасындағы қатігездік пен қорлық-зомбылық көріністеріне қарсы тұруға дайын болуына ықпал ету.

- Тұлғаның рухани-адамгершілік және этикалық принциптерін, оның қазақстандық қоғам өмірінің нормалары және дәстүрлерімен келісілген моральдық қасиеттері мен мақсаттарын қалыптастыруға ықпал ету.

- Тұлғаның жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға бағдарлануына, ана тілі мен қазақ халқының, Қазақстан Республикасында тұратын этностар мен этникалық топтардың мәдениетін құрметтеуіне ықпал ету.

- Бала тұлғасын қалыптастыруда ата-аналардың ағарту жұмысын, психологиялық-педагогикалық құзыреттіліктерін күшейтуге, бала тәрбиесі үшін олардың жауапкершілігін арттыруға ықпал ету.

- Тұлғаның еңбек дағдыларын, экономикалық ойлауы мен кәсіби қалыптасуына және өзін-өзі жүзеге асыруына саналы қарым-қатынасын қалыптастыру, экологиялық мәдениетін дамыту.

- Әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндіктерін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын дамытуды қамтамасыз ететін уәждемелік кеңістік қалыптастыру, оның ақпараттық мәдениетін қалыптастыруына ықпал ету.

Білім беру ұйымдарында көпмәдениетті орта құруға ықпал ету, жалпымәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, тұлғаның өнерде және болмыста эстетикалық нысандарды қабылдау, меңгеру және бағалау әзірлігін дамыту.

Салауатты өмір салты дағдыларын тиімді меңгеру, дене дамуы мен психологиялық денсаулықты сақтау, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтау біліктілігін ойдағыдай қалыптастыру үшін кеңістік орнату.

Тәрбие жұмысы бойынша бақылау, танымдық әңгіме, түсіндіру жұмыстары, сурет байқауы, тәрбие сағаттары, тренинг, дөңгелек үстел, баяндама, лекция, эстафеталық ойын, үйірмелерге қатысу және басқа да іс-шараларды қамтиды.

2023-2024 оқу жылы Тәрбие жұмысының жұмыс жоспары 29 тамыз 2023 жылдың №1 педагогикалық кеңесінің шешімімен бекітілді.

Мектептің әлеуметтік ПАСПОРТЫ

«Сарықобда ОМ» КММ 2023-2024 оқу жылы бойынша:

барлық оқушы саны – 65, оның ішінде:

1. Қамқорлыққа алынған оқушы (жетім) саны – 0;

Патронаттық

0;

тәрбиеде–

2. Жартылай жетім – 5;

3. Толық емес жанұя - 5;

4. Көп балалы жанұя–15;

5. Толық отбасы-38

6. Аз қамтылған(ӘЖТ)- 6;

7. Оралмандар– 0

ИДН – да есепте тұрған оқушы жоқ.

Мектепшілік есепте тұрған оқушы жоқ.

Ата-аналардың әлеуметтік жағдайы: жалпы ата-аналар саны: 28

«Сарықобда ОМ» коммуналдық мемлекеттік мекемесі бойынша оқушылардың ұлттық құрамы

--	--

литовец	1
Татар	2
болгар	2
Орыс	0
Қарақалпақ	0
БАРЛЫҒЫ(өзге ұлт саны):	0

2023-2024 оқу жылы бойынша аз қамтылған, әлеуметтік жағдайы төмен отбасынан шыққан **10 балаға** ЖБМББ қорының есебінен мектеп формасы, сумка, оқу құралдары берілді.

Оқумен қамтылмаған балаларды анықтау, әлеуметтік жағдайы төмен, аз қамтамасыз етілген және жетім балаларға, сондай-ақ оқу жылының басында, дайындық уақыты кезінде ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларға қолдау көрсету мақсатында қайырымдылық шаралары ұйымдастырылып тұрады. Жалпыға бірдей міндетті білім беру айлығы барысында 1-9 сынып жетекшілері сыныптарында ата-аналар жиналысын ашып, сыныптағы тұрмыс-жағдайы төмен отбасыларына психологпен бірлесіп арнайы рейд ұйымдастырып, АКТ жасалынып, әлеуметтік жағдайы төмен отбасынан шыққан 10 баланың материалдық-моральдық жағдайы жыл бойы назардан тыс қалмады. Үнемі осы оқушыларға ерекше көңіл бөлініп, демеушілер тарапынан көмектер ұйымдастырылады.

Жалпы мектеп бойынша әлеуметтік жағдайы төмен отбасынан шыққан оқушылар туралы мәлімет

2021-2022	0	1	0	10	3
2022-2023	0	0	0	9	2
2023-2024	0	0	0	10	2

ЖБМББ қорының есебіндегі әлеуметтік жағдайы төмен, аз қамтылған оқушылар туралы мәлімет

Бала саны	5	10	10

Оқу жылында «Жалпыға бірдей міндетті білім беру» айлығы аясында:

- Республикалық «*Мектепке жол*», «*Қамқорлық*» акциясын ұйымдастыру, құрылған іс-шара жоспары бойынша жыл бойы қайырымдылық жұмыстарын жүргізу;
- Әр сынып бойынша оқушылардың әлеуметтік жағдайы анықталып, ата-аналар жиналыстарында ақпараттық-түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, отбасының тұрмыстық бақылау актісін толтыру;
- Қайырымдылық қорының мүшелерін, жұмыс жоспары бекітіліп, қайырымдылық акциясының өз деңгейінде өткізу және ұйымдастырылу жұмыстары жасалынды.

Республикалық «Мектепке жол», «Қамқорлық» акциясы кезінде рейд ұйымдастырылып, оқушылардың бос уақытында шұғылданатын ісі бақыланды.

Сонымен бірге оқушыларды мектепке тарту бағытында үгіт – насихат жұмыстары жүргізілді. Көп балалы отбасы балаларымен жұмыс әрбір жеке оқушының әлеуметтік даму жолын анықтай отырып, баланы сабақтан тыс шараларға қатыстырумен бірге, оған материалдық, моральдық тұрғыдан көмек көрсетілді.

Мектеп оқушыларының жазғы демалыспен қамтылуы

Балалардың демалыс жүйесін сақтау, тұрақтандыру және одан ары дамыту, жасөспірімдердің денсаулығын сауықтыру, жазғы демалыстағы балалардың денсаулығын жақсартуды барынша қанағаттандыру және қажетті жұмысбастылық пен қамтуды ұйымдастыру мақсатында мектеп оқушылары қосымша білім алып, өз денсаулығын дұрыстап және қарапайым түрде демала алады. Лагердің барлық педагогикалық ұжымы өз жұмыстарын тұлғаның дұрыс дамуына бағыттайды.

Аз қамтылған және көп балалы оқушылардың жазғы демалыспен қамтылуы

Барлығы	2	22
Қамтылғаны	1	6
Пайызы	50%	27%

Мектеп бойынша Кәмелетке толмаған жасөспірімдер арасында құқық бұзушылармен жүргізілген жұмыс. Аудандық кәмелет жасқа толмағандар ісі басқармасының есебінде тұрған оқушылар жоқ.

Мектепшілік «Әділет» құқықтық кеңесі құрылып, мүшелері сайланып, жылдық жұмыс жоспары жасалынып, бекітілді. Комиссия мүшелері бекітілген жоспар негізінде жұмыстарын дұрыс атқарды.

Мектеп бойынша АІБ ЮПТ-нің есебінде тұрған оқушылар тіркелмеді. Оқу жылының басынан *мектепшілік есепте оқушы тіркелмеді*. Жыл басынан мектеп психологтерінің жүргізілген

жұмысының қорытындысы бойынша **«Қауіп» тобы бойынша ешқандай оқушы есепке алынбаған.**

Мектеп бойынша хиджаб киетін оқушы жоқ. «Кешкі рейд» рейдінің нәтижесінде мектеп бойынша сәтсіз отбасы анықталған жоқ, мектеп инспекторы мектеп әкімшілігімен бірлескен жұмыстар жыл бойы жүргізілуде. Балалардың көңіл-күйі, мінез-құлқы, оқу үлгерімі, тәрбиесі сынып жетекшілерінің тарапынан жіті қадағаланып отыр.

Білім алушылардың психологиялық тұрақтылығын дамыту мақсатында жыл бойына психологиялық – педагогикалық тұрғыда профилактикалық көмек көрсетіліп, психологиялық тренингтер өткізіліп отырады. Жалпы білім беру мекемелерінде балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін берілген әдістемелік құралды ата – аналарға, оқушыларға, ұстаздар ұжымына таратып, түсіндіру және насихат жұмыстары өз деңгейінде ұйымдастырылып, жүргізіліп

жатыр. Мектеп бойынша зиянды әдеттердің атап айтсақ, нашақорлықтың,

маскүнемдіктің және шылым шегудің алдын алу бойынша мектеп психологімен, мектеп медбикесімен бірлескен арнайы жоспары құрылды.

Тәрбие – жеке тұлғаны мақсатты қалыптастыру процесі.

Ұлттың болашағы – ұрпағында болса, ұрпақтың тәрбиесі – ұстаз қолында. Ал ұстаз мұраты – жетілген, толыққанды азамат тәрбиелеу.

Ұрпақ тәрбиесі – адамзат баласының асыл мұраты.

Тәрбие жұмысын ұйымдастыру барысында келесі басымдықтарға:

- «Мәңгілік ел» ұлттық идеясы негізінде қазақстандық патриотизмге тәрбиелеу;

- діни сауаттылықты арттыру;

- әлеуметтік-психологиялық жұмыс;

- сыбайлас жемқорлық және құқық бұзушылықтың алдын алу;

- салауатты өмір салтын қалыптастыру;

- оқушылардың өзін-өзі басқаруын дамыту;

- тәрбие жетекшілігі жұмысын жетілдіруге аса мән беріледі. Сонымен қатар, тәрбие үдерісі мектеп бойынша стратегиялық, кешенді, тәрбие жұмысының жылдық, мерзімді жоспарларына сәйкес жүзеге асырылады.

I. Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие

Мақсаты: Жаңа демократиялық қоғамда өмір сүруге қабілетті азаматты және патриотты; тұлғаның саяси құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін; балалар мен жастардың құқықтық санасын, олардың ортасындағы қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа қарсы тұру даярлығын қалыптастыру.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Рәміздерін оқып-үйрену және насихаттау мақсатында арнайы мектепішілік бекітілген жоспарға сәйкес 1-9 сынып оқушыларының Мемлекеттік Рәміздерді

қайталап, еске түсіруі барысында мақсатты іс-шараларды дұрыс ұйымдастыру үшін сынып жетекшілерге арнайы тапсырмалар берілді. Әр жыл сайын *әр аптаның дүйсенбі күндері* 1-9 сынып оқушылары күнделікті сабақты **Мемлекеттік Гимнді ауызша орындау тәртібі** бойынша бастауды дәстүрге айналдырған, бүгінде орындалып отыр. Жыл басынан мектеп кітапханасы және сынып бөлмелерінде Мемлекеттік Рәміздерге арналған **«Рәміздерім-мақтанышым»** атты арнайы сынып бұрышы жабдықталып, безендірілді. Мектеп кітапханасында **«Мемлекеттік Рәміздерді біл және құрметте!»** тақырыбында әдістемелік бұрыш жасалынып, құқықтық тәрбие мектебі, сынып жетекшілері, оқушылардың басқару ұйымы мен *«Жас полиция» көмекшілерінің* тарапынан жыл бойына насихаттау жұмыстары жүргізіліп жатыр. Сонымен қатар **«Мемлекеттік рәміздер - тәуелсіздік тірегі»** атты кітаптар көрмесі ұйымдастырылды. Мектеп бойынша Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына Жолдауын насихаттау жұмыстары үнемі жүргізіліп отырады. Әр тоқсан сайын **«Рәміздерді білуге міндеттісің!»** тақырыбы аясында «Мемлекет және рәміздер» атты оқушылардың шығармашылық ізденіс жұмыстары жинақталынды.

Модернизация бойынша Ұлттық комиссия отырысында мақұлданған *(2016 жылғы 15 наурыздағы № 20-5/II-6 хатамма)* 100 нақты қадам - Ұлт жоспарының қадамдарын практикалық тұрғыдан іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының 13-қадамының 9-тармағын орындау шеңберінде рухани-адамгершілік және азаматтық-патриоттық тәрбиелеу контекстінде **сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті мектеп ортасын қалыптастыру бағдарламасы** (бұдан әрі – *Бағдарлама*) негізінде мектеп бойынша жылдық жұмыс жоспары жасалынып, талқыланып, бекітілді. Бекітілген жоспар барысында Тұжырымдамалық тәрбиелеу негіздеріне сәйкес дайындалған және сыбайлас жемқорлыққа қарсы сипаттағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру бағдарламалары бойынша оқитын балаларға тәрбиелік іс-шаралар ұйымдастырылып, оқу жылы бойынша 5-9 сынып оқушылары арасынан «Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубының мүшелері сайланып, топ құрылды. **«Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубының** жоспар негізінде қамтитын тәрбие жұмысын жүргізу тәртібі белгіленді. Мектепте үнемі жаңартылып отыратын «Парасатты азамат» бұрышы безендіріліп, жаңартылып, ілінді. 5-7 сынып оқушыларының арасында **«Жемқорлыққа жол жоқ!»** тақырыбында сурет көрмесі, **«Біз жемқорлыққа қарсымыз!»** атты тақырыпта ата-аналар жиналысы өз деңгейінде ұйымдастырылып өткізілді. Кешенді тәрбие жұмысын ұйымдастыру кезінде Б. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы ұсынған Бағдарламасы сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті мектеп ортасында қалыптастыру бағытында пайдаланылды.

Тәрбие жоспары негізінде мектепте «*Сенім телефонының*» жұмыс істеуі қамтамасыз етіліп және түскен мәліметтер бойынша жедел әрекет жасау дұрыс жолға қойылды. Мектепте «Сыбайлас жемқорлық» туралы таным-түсініктерін кеңейту, оқушыларды осындай қылмыстан аулақ болуға тәрбиелеу мақсатында 8-9 сынып оқушыларының «**Сыбайлас жемқорлықтың негізгі ұғымдары мен белгілері**» атты дөңгелек үстел өткізілді. Дөңгелек үстелді мектеп психологі М.Сулейменова оқушылармен психологиялық тренинг жүргізуден бастап, олардың сабаққа деген қызығушылығын оятты. Құқықбұзушылықтың алдын алу және оны болдырмау мақсатында мектепте «Арлан» жас полиция көмекшілерінің тобы мен «Жасұлан» оқушылардың басқару ұйымы белсенділік танытты. Педагогикалық қызметті теріс пайдалану фактілерін анықтау мақсатында «**Жемқорлықсыз мектеп**» акциясы ұйымдастырылып, жыл бойы жалғасын тапты. Мақсатты өткізілген іс-шаралар барысында оқушылар құқықтық сауаттылығын арттырып, өзіне қатысты құқықтарын білу және оны сақтау туралы түсініктері тереңдеп, көкейлеріне мол нәрсе түйді.

- 2023 жылдың 15 желтоқсанында Еліміздің нағыз патриоттары, білімге құмар, өзін-өзі жетілдіруге үнемі ұмтылатын, қайсар жастарды тәрбиелеу мақсатында **Республикалық бірыңғай "Жас Ұлан", "Жас Қыран" ұйымы қатарына қабылдау рәсіміне** арналған салтанатты жиын өтті. "Жас Қыран" төсбелгісін табыстады.

Жаңа демократиялық қоғамда өмір сүруге қабілетті азаматты және патриотты тәрбиелеу мақсатында «Рухани жаңғыру-мектеп оқушыларының ғылыми ізденістерін ұлттық құндылықтар аясында әлеуметтендірудің негізі» атты облыстық семинар, сауалнамалар, лекция-семинарлар, «Құқық және біз» құқық айлығы, тоқсандық денсаулық күндері, патриоттық әндер байқауы, саптық байқау өз деңгейінде ұйымдастырылып, өткізілді.

II. Рухани-адамгершілік тәрбиесі.

Мақсаты: Тұлғаның қазақстандық қоғам өмірінің жалпыадамзаттық құндылықтарымен, нормаларымен және дәстүрлерімен келісілген рухани-адамгершілік және этикалық ұстанымдарын, молальдық қасиеттерін және көзқарастарын қалыптастыру.

Мектеп бойынша әр жылдың қыркүйек айында 1-9 сыныптар арасында тілдер мерекесіне орай «**Тілім менің – тірлігімнің айғағы**» тақырыбында іс-шаралар бекітілген жоспар негізінде өткізіледі. Онкүндік барысында мектеп оқушылары жергілікті ақын-жазушылармен кездесу ұйымдастырып, «Қарттарды құрметте!» қайырымдылық акциясына белсене ат салысып, үй-жайларына көмек көрсетті.

Қазіргі қоғамда көп балалы, аз қамтылған, әлеуметтік жағдайы төмен отбасы балаларына демеушілік таныту, көмек беріп, қолдау көрсету мақсатында мектеп бойынша «*Мектепке жол*», «*Қамқорлық*» акциялары

ұйымдастырылып, жыл бойына осы санаттағы балаларға ерекше көңіл бөлініп, қолдау танытылды.

Оқушылардың сабақтан тыс уақытын тиімді пайдалану, тәрбиелік шаралардың нәтижесін арттыру, әр оқушыны қоғамның белсенді және саналы азаматы етіп тәрбиелеу – мектептің тәрбие бағытындағы негізгі педагогикалық әрекет ретінде қарастырылады. Мектепте балалардың қызығушылығын қанағаттандыру мақсатында түрлі үйірме, спорттық секция, факультатив сабақтар дұрыс жолға қойылып, қалыпты ұйымдастырылған. Дене шынықтыру пәнінің мұғалімдері «Дені саудың-жаны сау» атты тоқсан сайын денсаулық күндерін өткізіп, кросс, эстафеталық жарыстар ұйымдастырса, 1-желтоқсан «Халықаралық ЖҚТБ-ға қарсы күрес» күніне орай мектепшілік бекітілген жоспар бойынша іс-шаралар өз дәрежесінде жүргізілді. Дене шынықтыру пәнінің мұғалімдері «**Біз салауатты өмір сүреміз!**» атты айдармен 7-9 сыныптар арасында спорттық жарыс өткізді. Оқушыларды шығармашылық үрдіске тарту және Қазақстан мәдениеті құндылықтарына, қазақ халқы дәстүрлеріне баулу, моральдық-этикалық нормаларды меңгерту жолымен жалпы мәдениетті, руханилықты қалыптастыру мақсатында «Қарттарым-асыл қазынам», «Ұстазым-ұлағатым», «Тұңғыш Президент күніне орай «Елім деп туған Елбасы», «Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы» 2001 жылғы 13 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабына сәйкес Елбасының Жарлығымен **1 Наурыз – Алғыс айту күні** деп жариялануына байланысты жас жеткіншек ұрпаққа адамгершілік, имандылық, әдептілік тәрбиесі мен ата-анаға, ұстазға деген құрмет сезімін қалыптастыру мақсатында іс-шаралар жоспары жоғары деңгейде дұрыс ұйымдастырылып, өткізілді. Мереке қарсаңында «Ата-анам–алтын тұғырым» тақырыбында оқушылардың шығармашылығынан фотосуреттер көрмесі жабдықталып, безендірілді. Сонымен қатар «**Алғысым шексіз ана**» тақырыбында 5-9 сыныптар бірлесе ұйымдастырған ата-аналардың қатысуымен мерекелік кеш өткізілді.

Оқушылардың танымдық қабілетін арттыру мақсатында 1-9 сынып жетекшілері «Мейірімділік. Адамгершілік. Ізеттілік» атты тәрбие сағаттарын өз деңгейінде өткізді.

Ұстазға деген құрметті арттыру мақсатында көркем еңбек пәнінің мұғалімі Н.Бижанованың ұйымдастыруымен «Ұстазыма рахмет!» тақырыбында 1-5 сынып оқушыларының қатысуымен сурет байқауы ұйымдастырылып, үздік жұмыстарды оқушылар шығармашылығы тақтасына ілініп, марапатталды. 6-9 сынып оқушыларына «Алғыс білдіремін!» тақырыбына эссе байқауы ұйымдастырылып, қорытындысы шығарылып, жеңімпаздар анықталды.

III. Ұлттық тәрбие.

Мақсаты: *Тұлғаны ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға, ана тіліне және мемлекеттік тілге құрмет, қазақ халқының,*

Қазақстан Республикасындағы этностар мен этникалық топтардың мәдениетін құрметтеуге тәрбиелеу кеңістігін қалыптастыру.

Коучинг әдісімен «Тілім менің-тірлігімнің айғағы» тіл мерекесі, «Ару көктем» Наурыз мерекесі, «Айналайын-анашым!», «Ал, кәнеки, қыздар!» сайысы жоғарғы деңгейде өткізілді.

Қазақстан халқы Ассамблеясының мерекесіне орай «Бірлік түбі-береке», «БІнтымақ, бірлік-достық негізі» тақырыбындағы іс-шаралар, балалар құқығы туралы Конвенциясын басшылыққа ала отырып, «Бақытты балалық шақ» атты 1-9 сынып оқушыларымен тәлім сабақтары ұйымдастырылып өткізілді.

ІҮ.Отбасы тәрбиесі

Мақсаты: Ата-аналарды оқыту, бала тәрбиесінде олардың психологиялық-педагогикалық құзыреттіліктерін және жауапкершіліктерін арттыру.

Мектеп бойынша жаңа оқу жылының басталуына байланысты оқушылардың жас ерекшеліктеріне орай республикалық «Өз балаңа үлгі бол!» тақырыбында жалпы ата-аналар жиналысы шақырылып, өз деңгейінде өткізілді. «Мектеп және отбасы» апталығының жұмыс жоспары бойынша «Тұлға қалыптастырудағы отбасының тәрбиелік мүмкіндіктері» тақырыбында стенд жабдықталды. 1-9 сынып оқушыларымен «Бақытты жанұя – бақытты ел» атты тәлім-тәрбие сағаттары, «Ата-ананы қадірлеу», «Қызым, саған айтамын..» дөңгелек үстел, «Табиғат-алтын бесік» ертеңгілік өткізіліп, ашық сабақтарға ата-аналар тартылып, өз деңгейінде өткізілді. Мектеп кітапханасында «Отбасы-бала тәрбиесінің алтын діңгегі» тақырыбында көрме ұйымдастырылды. 2-4 сынып оқушылары кітапханаға саяхат жасап, танысу сабақтарын жүргізді, өзін-өзі тану пәнінің мұғалімдері «Мерейлі отбасы» шаттық шеңбері тренингін, «Менің жанұям» сурет байқауы, «Менің отбасындағы орным» ойын сабағы тартымды өтті. 5-9 сынып аралығында «Бала тәрбиесіндегі ата-ананың рөлі» атты тақырыптық ата-аналар жиналыстары өткізілді.

Ү. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие.

Мақсаты: Тұлғаның өзін кәсіби анықтауына саналы қарым-қатынасын қалыптастыру, экономикалық ойлауын және экологиялық мәдениетін дамыту.

Табиғатқа теңдессіз құндылық ретінде және туған ел табиғатына деген қатынасты тәрбиелеуді болжайды. Қоғамда маңызға ие болуға деген ұмтылысын жүзеге асырудың белгілі тәсілін меңгерген, өзінің қалауына сай белгілі бір еңбек әрекетіне дайындығын қалыптастыру мақсатында «Еңбек сыры неде?» тәлім сабағы, «Менің болашақ мамандығым» сауалнама, «Мектеп өз тұлғаларын мақтан етеді» интерактивті сабағы жоспарланып өткізілді. Мектеп кітапханасында, оқу кабинеттерінде «Мамандықтың бәрі жақсы, тек

таңдай біл!» атты стенд жабдықталып, арнайы бұрыштар ұйымдастырылды. Мектеп психологі қажетті тренингтерді уақытылы өткізіп, кәсіби бағдар беру бағытында жеке кәсіпкерлермен кездесулер өткізілді. 1-9 сынып оқушыларымен сынып сағаттары және *«Өрт – балалар көзімен»* атты 3-6 сынып оқушылар арасында сурет байқауы өтсе, 2-4 сыныптардан *«Өрт – тілсіз жау»* тақырыбында диктант жұмыстары алынды. Мектеп оқушыларының техникалық өмір қауіпсіздігін сақтау мақсатында

1-9 сыныптар арасында *«Сақтан жас дос!»*, *«Төтенше жағдайлар»* атты атаулы күндер, партикалық ойын-жаттығу сабақтары тоқсанына бір рет өткізілді. Сынып сағаттарында *«Тұрмыстық өрт қауіпсіздігі»*, *«Үйлеріңізді оттан сақтаңыздар»*, *«Үйдегі қауіпсіздік»*, *«Пеш жағуда өртке қарсы қауіпсіздік ережелерін сақтау»* сияқты тақырыпта дәрістер оқылып, жаднамалар үлестірілді.

ІЗГІЛІГІ МОЛ МЕРЕЙЛІ ІС

Тәрбие бөлімі бойынша білім алушылар мектеп қызметкерлерімен бірлесе отырып мектеп ауласына көгалдандыру жұмыстары жүргізілді. Атап айтатын болсақ, оқу кабинеттеріне тазалық жұмыстарын жүргізіп, мектеп ауласына 20 алма ағаш түптері мен гүл көшеттерін отырғызды. Еңбектеген баладан-еңкейген қарттардың жүрегіне қуаныш сезімін ұялата білген оқушыларымыздың қайырымдылыққа деген ұмтылысы әркімге өнеге болардай-ақ. Ізгілікке жетудің жолын мейірімділіктен іздеген балаларымызға мектеп басшылығы шынайы алғыстарын білдірді.

ҮІ. Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі.

Мақсаты: Әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндігін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын дамытуды қамтамасыз ететін уәждемелік кеңістік құру.

Табиғат адамға екі қару берді – *зияткерлік және адамгершілік*. Зияткерлік ой адамның адамгершілік қасиетін нығайтады және түрлендіре түседі. Рухани - адамгершілік тәрбиесі өзіндік сананы дамытуға жағдай жасауды, жеке тұлғаның әдеп ұстанымын, оның қоғам өмірінің нормалары мен дәстүрлерімен келістірілетін моральдік қасиеттерін және бағдарларын қалыптастыруды болжайды. Тәрбие жоспарына сәйкес *«Жасұлан»* оқушылардың басқару ұйымы *«Адал ұрпақ»* ерікті мектеп клубының мүшелерімен бірлесіп 5 сынып оқушыларымен үш тілде *«Қанеки, тілім сөйлеші»* интеллектуалды сайысын ұйымдастырып, 7 сыныппен *«Жас географ»* байқауы, 7-8 сынып *«Логика әлемі»* атты математикалық турнирі, *«Елтану»* тарихи-танымдық сайысы өз деңгейінде өткізілді.

«ЖАСҰЛАН» оқушылардың өзін-өзі басқару ұйымымен жұмыс

Мектепшілік тәрбие жоспарына сәйкес, тәрбие жұмысының сапасын арттыру мақсатында сыныптар арасында *«Жасұлан» өзін-өзі басқару ұйымы* жұмыс атқаруда.

Мақсаты: *Бүгінгі таңдағы заман талабына сай біліммен жан-жақты қаруланған, өзіндік ой пікірі бар, шешім қабылдауға қабілетті, өзін-өзі тани білетін тұлға қалыптастыру.*

Бүгінгі оқушылардың өзін-өзі басқаруды дамытуда белсенділерді даярлау міндеті өзекті мәселе болып отыр. Ол үшін олардың мектеп қоғам өміріндегі саналы көзқарастарын орнықтырып, олардың мектепті басқару ісіне еркін араластыруына, әрбір оқушының әлеуметтену процесіне қатысуға жағдай туғызу қажет. «Алтын күз» мерекесі 5-8 сыныптар, «Жасыл шырша маңындағы кеш» 1-9 сыныптар, «Дарындылар - Дарабоздар» дарынды оқушылар слеті, пәндік олимпиада жеңімпаздарының марафоны жоғарғы деңгейде өткізілді.

Мектеп бойынша «Жас Ұлан» ұйымының мүшелері оқушылардың тазалығын, сабаққа қатысуын қадағалап, сырт бейнесін тексеріп, қорытындысын тәрбие бөліміне өткізіп отырды. Оқушылардың «Жас Ұлан» басқару ұйымына мүше болуға өзін - өзі басқару ұйымына өз өтініштері бойынша мектеп мақтанаштары салтанатты түрде қабылданды. Сонымен қатар «Жас полиция» көмекшілері, «Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубының мүшелері де мектеп өміріне белсене араласып, тәрбие саласына өз үлестерін қосты.

ҮІІ. Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие.

Мақсаты: *Әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндігін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын, сондай-ақ ақпараттық мәдениетін дамытуды қамтамасыз ететін уәждемелік кеңістік қалыптастыру.*

Тұлғаның кез-келген ортада өзінің көпмәдениетті ортасын құра білу дағдысын қалыптастыру бағытында оқушылармен «Алтын күз» мерекесі, «Әкеге қарап ұл өсер, шешеге қарап қыз өсер» өнеге сағаты ұйымдастырылып, өз деңгейінде өткізілді. Қоршаған ортаны аялау, табиғат байлығын қорғау, туған жердің қасиетін бағалау ұғымдары балаға сынып жетекшілер тәлім сағаттарында түсіндіреді.

ҮІІІ. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты.

Мақсаты: *Салауатты өмір салтын насихаттау және қалыптастыру, жастар бойына психикалық тұрақтылықты және тиімді кәсіби қызмет қажеттілігін қамтамасыз ететін салауатты өмір салтын дамыту, денсаулықтарын жақсарту, физикалық, психикалық және рухани саулықтың өзара байланысын өрістету.*

Оқушыларды елжандылыққа, ерлікке тәрбиелеуде алуан түрлі кездесулердің, қоғамдық істердің, «Қабанбай батыр» атындағы тарихи мұражайына және туған өлкедегі тарихи жерлерге саяхатқа апару, халықтың әдеби-мәдени мұраларын тиімді пайдаланудың мәні зор. Бастауыш сынып оқушыларымен өлкетану мұражайына бару, оқушыларды апару - сынып жетекшілер үшін дәстүрге айналдырған. «Адам байлығы –

денсаулық» екендігін, жеке тұлғаның білімге, ғылымға деген ықыласын арттыруда, олардың ақыл-ой қабілетін дамытуда, ой-парасатын қалыптастыруда – салауатты өмір салтының алатын орны туралы айтылған 5-6 сыныптарда өткен **«Спорт - денсаулық кепілі»** жарыс сабағы, 7-8 сыныптарда **«Өз денсаулығың - өз қолыңда»** эстафеталық сайысы, 7-9 сыныптар арасында **«Жаны саудың - тәні сау»** спорттық марафоны адам денсаулығына тигізетін пайдасы зор екендігін көруге болады. Мектеп медбикесі Алдекова К.С.«Денсаулық - әдемілік кепілі» тақырыбында 7-9 сынып оқушыларына лекция оқып, тазалық, этика, эстетика туралы ойларын бөлісіп, өзара пікір алмасты. Қазіргі кезде оқушылар арасында зиянды әрекеттерге (*электронды темекі, насыбай, алкоголь заттары т.б.*) әуестену етек алуда. Адам денсаулығына зиянды заттарға қарсы күрес шараларын ұйымдастыруда әртүрлі тақырыпта пікірталастар, кездесу, дөңгелек үстел өткізу - жасөспірімдердің жауапкершілігін арттырып, азаматтық санасын оятуда тәрбиелік мәні зор жұмыстардың берері көп. Осы ретте ауылда орналасқан ауыл фельдшері В.Менгельмен кездесу өткізіліп, түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Сынып жетекшілердің тәрбие жұмысындағы негізгі бағыттармен жүргізілген жұмыс әдісін бақылау нәтижесі

Оқу жылында сынып жетекшілеріне көмек көрсету мақсатында 1-9 сыныптар арасында сынып жетекшілер бірлестігі құрылды.

Сынып жетекшілердің байқауларға қатысуы туралы мәлімет. 2023 жылы 5-сынып жетекшісі Б.Муталиева аудандық «Үздік сынып жетекшісі» байқауына қатысып, жүлделі 3-орын иеленді.

Еліміздің болашағының біртұтас іргетасын және жалпы азаматтық біріктіруші мақсат жүйесінің негізін құратын жаңа идеологиялық тұжырымдама «Мәңгілік Ел» жалпы ұлттық патриоттық идеясы мен патриоттық актісін жүзеге асыру.

Мақсаты: Жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде жан-жақты және үйлесімді дамыған мінез-құлық қалыптастыра отырып, іскер, бәсекеге қабілетті дара тұлға тәрбиелеу болып табылады.

«Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие» бағыты. **Мақсаты:** балалар мен жастардың патриоттық сана-сезімі мен өзіндік сана-сезімін қалыптастыру, Қазақстан Республикасының Конституциясына, мемлекеттік рәміздерге құрметпен қарауды тәрбиелеу, құқықтық мәдениетті қалыптастыру, олардың құқықтары мен міндеттеріне саналы көзқарас.

Жоспар бойынша 1 қыркүйек Білім күні мерекесі **«Білімге ұмтылу, еңбексүгіштік пен отаншылық»** тақырыбында салтанатты жиын өтіліп, алғашқы бірыңғай ашық сынып сағаттары өтілді. Қыркүйек айында Қазақстан Республикасы халқы Тілдері күніне орай **«Ұлтымның ұлт ұстазы»** атты онкүндік ұйымастырылды. **«Рухани-адамгершілік тәрбие»**

бағыты. Мақсаты: жеке тұлғаның рухани-адамгершілік және этикалық принциптерін, оның адамгершілік қасиеттері мен көзқарастарын қайта құру туралы қазақстандық қоғам өмірінің жалпыадамзаттық құндылықтарына, нормалары мен дәстүрлеріне сәйкес келетін "Рухани жағырудың" құндылық негіздері туралы терең түсінік қалыптастыру; "Өзін-өзі тану" негізінде рухани-адамгершілік тәрбие беру

Қыркүйек айында 4-сынып жетекшісі А.Жилибаеваның «Тіл рухани қазына» атты үлгілі тәрбие сағаты, ДТІЖО міндетін атқарушы Б.Н.Муталиева өлеңдерінен оқушылар арасында челлендж ұйымдастырылды. Тарих пәнінің мұғалімдері Г.Нурахметова; Е.Алмасовтың М.Әуезовтың 125 жыл тоуына орай «**М.Әуезов қазақ әдебиетінің тарланы**» атты конференция сабағы, «Ұстазым өзіңменен мақтанамын» атты оқушылар ұйымының дайындаған мерекелік кеші өтілді. ДТІЖО Айдос Ержанұлының ұйымдастыруымен «**Қарты бардың-қазынасы бар**» ардагер ұстаздармен кездесу өткізілді, атқарылған жұмыстар мектептің *INSTAGRAM* (@karlygashnom) парақшасына жүктелді.

«Отбасы тәрбиесі» бағыты. Мақсаты: неке және отбасы мүшелерін құрметтеу құндылықтарын тәрбиелеу; отбасылық культ; толыққанды отбасын құру үшін денсаулық құндылықтары; отбасы мен достарына деген адалдық; отбасылық дәстүрлер; жәдігерлер мен әдет-ғұрыптарды құрметтеу; ана болудың қасиеттілігі; сезім құндылықтары - сүйіспеншілік, адалдық, достық, ата-аналарды тәрбиелеу, олардың психологиялық-педагогикалық құзыреттілігі мен балаларды тәрбиелеу жауапкершілігін арттыру. Қыркүйек айында отбасы күніне орай «**Отбасы бақыт мекені**» атты апталық ұйымдастырылды. Апталық негізінде ашық сынып сағаттары, ата –аналармен ашық есік күндері өткізілді. Құқық пәнінің мұғалімі Е.Алмасов ата-аналар жиналысында «Ата-аналарға балалар тәрбиесіндегі жауапкершілік» туралы құқықтық кеңес берді. С.Аят «Отан-отбасынан басталады» дөңгелек үстел ұйымдастырды.

«Көпмәдениетті және көркем эстетикалық тәрбие» бағыты Мақсаты: Жалпы мәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, жеке тұлғаның өнер мен шынайылыққа эстетикалық объектілерді қабылдауға, меңгеруге, бағалауға дайындығын дамыту, оның ішінде «Ұшқыр ой алаңы» мектеп оқушыларының дебаттық қозғалысы жалпыұлттық мәдени-білім беру жобасын іске асыру арқылы білім беру ұйымдарында полимәдени орта құру, эстетикалық талғам мен сезімнің эстетикалық санасын, халықтардың ұлттық мәдениеттері құндылықтарына көркемік – эстетикалық сезімталдықты қалыптастыру. Жоспар бойынша ақпан айында қыздар ұйымының жетекшісі А.Жилибаева «Адам бойында бәрі де әдемі, сұлу болуға тиіс» қыздарға кеңесін өткізді. Пед.орг Ғ.Шотамбеков және мектеп психологі М.Сулейменова «Тағдырыңның кілті-өз қолыңда» тақырыбында 8-9 сынып оқушылары арасында пікірталас

турнирін өткізіп, үздік деп танылған 9-сынып оқушылары мектептің мақтау қағазымен марапатталды, атқарылған жұмыстар мектептің *INSTAGRAMM (@karlygashnom)* парақшасына жүктелді.

«Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты» бағыты. Мақсаты: салауатты өмір салтының, дене шынықтыру мен спорттың, дене шынықтырудың құндылығын, өз денсаулығына жауапкершілікпен қарау құндылығын қалыптастыру

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.Ержанұлы мен мектеп медбикесі «Жұқпалы аурулардан сақтанайық» атты жданамалар таратып, таныстырып өтті. Қазан айында 9-сынып жетекшісі Н.Бижанова «Дені сау адам –табиғаттың ең бағалы туындысы» атты танымдық сабағы өтілді.

Мектебімізде **10 қараша күні Дүниежүзілік балалар күніне орай “Бала құқығы-адам құқығы”** атта республикалық онкүнідігінің ашылуы болды. Онкүндік жоспары жасалынып таныстырылды. Жоспарға сәйкес 14-қараша күні **«Бақытты бала, бақытты ана, бақытты ел»** атты бірыңғай ашық тәрбие сағаттары өткізілді. Мектеп психолог М.Сулейменова 5-9 сыныптар арасында **“Зорлық зомбылықсыз балалық шақ”** атты акциясы ұйымдастырылды. 8-9 сыныптар арасынан **«Мен неге құқылымын»** тақырыбында қазақ тілі мұғалімдерінің ұйымдастыруымен эссе жазылды. 15-қараша күні Д.Тоғанбаева бастауыш сынып оқушылары арасында **«Кибербуллинг, буллинг»** тақырыптарында тренинг ойын сабақ ұйымдастырды. Құқық бұзышылықтың алдын алу, кибербуллинг, буллинг тақырыбында ата – аналар жиналысы өткізіліп, түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

«Балалардың жол - көлік салдарынан жарақаттануының алдын алу бойынша бақылау» профилактикалық іс-шараларды ұйымдастыруға мектеп директорының жауапты қызметкерлерді тағайындау бұйрығы шығып, іс-шаралар жоспары жасалып, бекітілді. Іс-шаралар жоспарымен мектеп ұжымы таныстырылды.

«Жол ережесін білесіңдер ме?» атты оқушылар арасында **«Балалардың жол-көлік салдарынан жарақаттануының алдын алу бойынша бақылау»** айлығының іс-жоспарымен таныстырылып, түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

1-4 сыныптар арасында **«Жол тәртібін білейік, аман-есен жүрейік»** атты тәрбие сағаттары өткізілді.

5) білім алушылардың рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көркемдік-эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесін іске асыруды қамтамасыз ететін жиынтығында сабақтан тыс іс-әрекеттің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру (бағаланатын кезеңге қосымша сабақтар кестелерінің көшірмелері, сонымен қатар спорттық, шығармашылық және мәдени конкурстарға, жарыстарға, фестивальдар мен байқауларға қатысу нәтижелері қоса беріледі);

Тәрбие жұмысы аясында түрлі шығармашылық және мәдени байқаулар, спорттық жарыстар, фестивальдар мен байқаулар өткізілді, оның ішінде дарынды балалармен. Жыл сайын дарынды балалар анықталып, оның жұмыс жоспарлары жасалды. Мұғалімдер жасалған жұмыстар туралы бірлестік отырыстарында есептерін береді.

Мектепте білім беру барысында ұлттық құндылықтарды мәдениетті игеруге тәрбиелік мәні бар іс - шараларды әр пән төңірегінде ұйымдастыруға болады. Ұстаз – білім беру ісіндегі шешуші фактор ал, ұстаздың сапалылығы, кәсіби шеберлігі оның шәкірттерінен көрінеді.

2022-2023 оқу жылының аралығында «Қарлығаш негізгі орта мектебі» КММ шығармашылық спорттық жарыстарға қатысқан оқушылардың көрсеткіші:

1. Халықаралық және Республикалық деңгейі:

2. Облыстық деңгейі:

- Облыстық «Отаным алтын бесігім» көркем сөз челленджи А.Ғалымжанқызы 1-орын
- «Менің кіші Отаным» атты V Республикалық зияткерлік конкурсының II (облыстық) кезеңінде «Кішкентай Отанымның символы» номинациясында Қапас Жібек III орын.

3. Аудандық деңгейі:

- «Мағжан» оқулары Б.Шакен сурет номинациясы 3-орын
- «Ә.Кекілбаев» оқулары сурет салу бойынша Б.Шакен 3-орын
- Жарқын болашақ «Бейнелеушілер» номинациясы бойынша Б.Әнуарбек 3-орын

4) білім алушылардың рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көртөмендік-эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесін іске асыруды қамтамасыз ететін жиынтығында сабақтан тыс іс-әрекеттің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру сабақтан тыс іс-әрекеттің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру;


Тәрбие жұмысы аясында түрлі шығармашылық және мәдени байқаулар, спорттық жарыстар, фестивальдар мен байқаулар өткізілді, оның ішінде дарынды балалармен. Жыл сайын дарынды балалар анықталып, оның жұмыс жоспарлары жасалды. Мұғалімдер жасалған жұмыстар туралы бірлестік отырыстарында есептерін береді.

Мектепте білім беру барысында ұлттық құндылықтарды мәдениетті игеруге тәрбиелік мәні бар іс - шараларды әр пән төңірегінде ұйымдастыруға болады. Ұстаз – білім беру ісіндегі шешуші фактор ал, ұстаздың сапалылығы, кәсіби шеберлігі оның шәкірттерінен көрінеді.

2023-2024 оқу жылында дарынды оқушылармен жұмыс жоспары құрылды. Пән мұғалімдері дарынды оқушылармен жұмысты жандандыруда. Қыркүйек-ақпан айларында облыстық, аудандық олимпиадалардың жүлдегерлері

Мектебіміздің 8 "А" сынып оқушысы Болатова Көркем, 9 "А" сынып оқушысы Құрмантай Бекжан, 10 "А" сынып оқушысы Аблаева Назерке "Оқуға құштар мектеп" жобасы аясында ұйымдастырылған Республикалық балалар байқауының аудандық кезеңіне қатысып, алғыс хаттармен марапатталды

Ұстаздар мерекесі қарсаңында мектебіміздің орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Сапарова Галия Мырзагуловна ұзақ жылдар бойы сіңірген адал еңбегі, жастарға өнегелі тәрбие мен сапалы білім берудегі жетістері үшін "Құрмет грамотасымен" марапатталды.

АӘЖТД пәнінің мұғалімі Е.С.Куспанов Ұстаздар мерекесі қарсаңында ұйымдастырылған "Мерген ұстаз - 2023" тақырыбында өткен аудандық мылтық ату сайысына қатысып, жүлделі  орынды иеленді.

25 қазан - Республика күніне орай аудандық ақын, жазушы, аудармашы Ізтай Тілеуліұлы Мәмбетовтың шығармашылығын дәріптеу мақсатында өткен "Өміржанды ақын" атты мәнерлеп оқу сайысына 6 "А" сыныбының оқушылары Умарова Еркеназ және Муталиев Бекнар қатысып "Алғыс хатпен" марапатталды

Оқушыларды кіші буыннан бастап ғылымға баулу және жас зерттеушілерді қолдау мақсатында 2-7 класс оқушылары арасында ұйымдастырылған "Зерде" Республикалық шығармашылық жобалар конкурсының аудандық кезеңінің III орын иегері 2 класс оқушысы Сагиданова Айсауле. Жетекшісі: Сокурова Алтынай Уразбаевна. II орын иегері 6 класс оқушысы Саныбай Аңсар. Жетекшісі: Кенесова Гульсана Мухамбеткалиевна

Бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған республикалық "Алтын Тұғыр" олимпиадасының аудандық кезеңіне қатысушылар:
Сокурова Алтынай Уразбаевна - II дәрежелі диплом
Аблай Айдана Амандыққызы – Сертификат

Аудандық білім бөлімінің жоспарына сәйкес өткізілген "Мерген Сарбаз - 2023" пневматикалық мылтық ату жарысында мектебіміз командалық есеппен жүлделі II орынға ие болды.

Аманқанова Мәдина - III орын
Дәулетов Дауд - II орын
Жетекшісі: Куспанов Е.С.

Математика пәнінен 5-6 сынып аралығында өткізілген "Алтын сақа" олимпиадасының аудандық кезеңінің 2 орын жеңімпаздары Муталиев Бекнар, Сембин Нұрымжан.
Жетекшісі: Толыбаев Ернур Ертайұлы.

2023 жылдың 21 қараша күні ауданда өткен 7-8 класс оқушыларына арналған Ғ.Сұлтанов атындағы олимпиаданың аудандық кезеңінің жеңімпаздары!

Болатова Көркем - 2 орын;

Муханова Амина - 3 орын.

Жетекшісі: Толыбаев Ернур Ертайұлы.

Математика пәнінен 3-4 сынып аралығында өткізілген "Алтын сақа" олимпиадасының аудандық кезеңінің 3 орын жеңімпазы Куспанова Ұлпан. Жетекшісі: Аблай Айдана Амандыққызы.

Жалпы білім беретін пәндер бойынша Республикалық ғылыми жобалар конкурсының

екінші (облыстық) кезеңінің жүлделі II орын иегері Муханова Амина Жанболатқызы.

Жетекшісі: Кенесова Гульсана Мухамбеткалиевна

Әлеуметтік педагог Исаева Салтанат Ахылбекқызы "Үздік әлеуметтік педагог - 2023" атты аудандық әлеуметтік педагогтер арасында өткен байқауға қатысып, жүлделі 3 орынға ие болды.

Жалпы білім беретін Республикалық олимпиадасының аудандық кезеңінде физика пәні бойынша жүлделі I орын иеленген 9 сынып оқушысы Құрмантай Бекжан.

Жетекшісі: Ыхласбаева Камила Жакеновна.

Ауыл мектептерінің 9-11 сынып оқушыларына арналған Жалпы білім беретін пәндер бойынша Республикалық олимпиадасының облыстық кезеңінде география пәні бойынша жүлделі II орын иеленген 10 сынып оқушысы Аблаева Назерке.

Жетекшісі: Сагидан Алтынбек Серікбайұлы.

Облыстық олимпиадалардың, республикалық, халықаралық конкурстардың, жарыстардың жеңімпаздары болған білім алушылардың саны (соңғы 3 жыл салыстырмалы түрде):

б) ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылардың ерекшеліктерін және жеке мүмкіндіктерін ескере отырып оқыту процесін ұйымдастыру;

Мектепте ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар жоқ.

7) *ҮОЖ сәйкес жүзеге асырылатын вариативтік компоненттің факультативтері мен таңдау курстарын іске асыру;*

Оқу жүктемесінің вариативтік компоненті – білім алушылардың білімге деген қажеттіліктеріне сәйкес білім беру ұйымы айқындайтын үлгілік оқу жоспарының құрамдас компоненті. Вариативті компонент мұғалімді оқу процесінің әр түрлі формаларын енгізу, заманауи әдістерді енгізу оқыту және педагогикалық технологиялар қолдануға бағыттайды. Қосымша сыныптан тыс іс-шараларды, үйірмелерді, секциялар мен факультативтерді ұйымдастырудың негізгі мақсаты -баланың таланттарын ерте анықтау, шығармашылық қабілеттерін дамыту, оның қызығушылықтарының жан-жақты шеңберін қалыптастыру, өзін-өзі кәсіби анықтауға көмектесу болып табылады.

Білім беру бағдарламаларын педагогтер көркем-эстетикалық, ғылыми-техникалық, жаратылыстану-ғылыми, экологиялық және биологиялық, дене шынықтыру-спорттық, әскери-патриоттық немесе мәдени бағыттарда дербес әзірлейді. Мектепте оқушыларға арналған іс-шаралар өткізіледі: факультативтер, дайындық курстары, пәндік олимпиадалар, танымдық, конкурстық-ойын-сауық бағдарламалары, экскурсиялар, мәдениет ұйымдарына және мектептен тыс жұмыс орталықтарына бару, тақырыптық дискотекалар, спорттық жарыстар, кәсіби бағдар бойынша іс-шаралар, мектеп студияларының, қызығушылықтары бойынша клубтардың, спорт секцияларының, үйірмелердің жұмысы.

Қосымша оқыту жүйесі оқу орнының материалдық базасында қалыптасады. Қолданыстағы кабинеттер, құрал-саймандар, әдебиеттер қолданылады. Мектеп мұғалімдері мен қосымша білім беру педагогтары өткізетін жұмыс -көшбасшылық қасиеттері дамыған, таңдау жағдайында өз бетінше шешім қабылдауға дайын, ынтымақтастыққа және мәдениетаралық өзара іс-қимылға қабілетті, өз халқының тағдыры үшін жауапкершілік сезімі бар білімді адамды қалыптастыруға бағытталған.

2023-2024 оқу жылында вариативтік компонентінен сағаттардың бөлінуі

Вариативтік компонентінен сағаттардың бөлінуі

1-4 сыныптардағы белсенді-қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтар оқушылардың жеке қызығушылығы және ата-аналардың өтініші негізінде келесі мақсаттармен бөлінді:

1-сыныпта оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту мақсатында «Қуыршақтар ойнайды» үйірмесі- 1 сағат жүргізілді.

2-сыныпта Логикалық ойлау қабілеттерін арттырып, математикалық тілде сөйлеу машығын қалыптастыруға және оқушылардың танымдық қабілетін дамыту мақсатында «Ойна да, ойла» - 1 сағат жүргізілді.

3-сыныпта оқушыларына қолөнер түрлерімен таныстыра отырып, шығармашылыққа баулу, еңбекке қызығушылығы мен ой-өрісін кеңейту және ұлттық тәлім-тәрбиені бойына сіңіру, өнер саласындағы басылымдарды насихаттау мақсатында «Қолөнер» - 1 сағат жүргізіледі

4-сыныпта балалардың шығармашылық дәрежесін арттырып зейінін, еске сақтау, байқағыштық, қиялдау.ойлау қабілеттерін дамыту және логикалық ойлауын қалыптастыру мақсатында «Тоғызқұмалақ» -1 сағат жүргізілді.

5-9 сыныптардағы оқу жоспарларының вариативтік бөлігіндегі Жаһандық құзыреттілік немесе таңдау бойынша оқушылардың жеке қызығушылығы және ата-аналардың өтініші негізінде келесі мақсаттар үшін бөлінді:

Жаһандық құзыреттілік немесе таңдау бойынша:

5-сыныпта «Жаһандық құзыреттілік» - 0,5 сағат, 6-сыныпта «Жаһандық құзыреттілік» - 0,5сағат, 7-сыныпта «Жаһандық құзыреттілік» - 0,5сағат, 8-сыныпта «Жаһандық құзыреттілік» - 0,5 сағат, 9-сыныпта «Зайырлылық және дінтану негіздері» - 1сағат оқытылады.

8) "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" міндетті оқу курсын игеру;

2023-2024 оқу жылында «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» (бұдан әрі – ӨҚН) курсы кіріктірілген оқу бағдарламасы арқылы: 1-4-сыныптарда «Дүниетану» оқу курсының аясында; 5-9-сыныптарда – «Дене шынықтыру» пәні аясында жүзеге асырылады. «ӨҚН» курсы 2-3-сыныптарда жылдық оқу жүктемесі 6 сағат, 4-сыныпта 10 сағат көлемінде бастауыш сынып мұғалімдері жүргізеді. 5-9-сыныптарда «Дене шынықтыру» оқу курсының аясында 15 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен дене шынықтыру мұғалімінің оқытуымен іске асырылады; Жаңа оқу бағдарламасына сәйкес ӨҚН-нің әр тақырыбын «Дүниетану», пәнімен байланыстыру қарастырылған, бұл білім беру курсының оқу міндеттілігін қамтамасыз етеді. ӨҚН оқушыларға оқыту мазмұнының практикалық бағыттылығын күшейту үшін оқу сабақтарын ұйымдастыру және өткізу кезінде мұғалімдер жеке тұлғаға бағытталған, белсенділік және құзыреттілік тәсілдерін жүзеге асырады. Сабақтарда мұғалімдер оқушылардың жеке қасиеттерін көрсетуге және дамытуға жағдай жасайды, олардың мүдделерін, жеке ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін ескереді.

9) "Жолда жүру ережелері" міндетті оқу курсын іске асыру;

Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес мектепте «Жолда жүру ережелері» оқу курсының мазмұны 1-4 сыныптарда әрбір сыныпта 6 сағаттан сынып сағаттары есебінен және сабақтан тыс уақытта сынып жетекшілері жылдық жұмыс жоспарында тақырыптары мен мерзімін көрсете отырып, іске асырылып жатыр. 5-8 сыныптарда сыныптан тыс уақыттарда және сынып сағаты есебінен 10 сағат көлемінде жүргізіледі. «Күнделік» жүйесіне уақтылы енгізіліп отырылды.

«Жолда жүру ережелері» оқу курсының мазмұны 1-4 сыныптарда сынып сағаттары есебінен іске асырылды.

Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің білім алушыларының оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне өлшемшарттар:

1) білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемінің сәйкестігі және сақталуы;

2) білім алушылардың инвариантты және вариативті компонентін (арнайы білім беру ұйымы үшін түзету компоненті) құрайтын оқу жүктемесінің жалпы көлемінің, сондай-ақ ҮОЖ-мен белгіленген сыныптар бойынша апталық және жылдық оқу жүктемесінің сәйкестігі және сақталуы;

2023-2024 оқу жылында бастауыш сыныпта 1 сыныбында жұмыс оқу бағдарламасы бойынша апталық оқу жүктемесінің жоғарғы шекті көлемі 19,5 сағатты құрады, оның ішінде инварианттық оқу жүктемесі 18,5 сағатты құрады. Вариатив компонент бойынша – 1 сағат.

Білім беру саласының инвариантты компонентінің жылдық оқу жүктемесі – 647,5 сағат құрады. Вариатив компонент бойынша – 35 сағат. Жылдық оқу жүктемесінің жоғарғы шекті көлемі барлығы – 682,5 сағат құрады.

2 сыныпта жұмыс оқу бағдарламасы бойынша апталық оқу жүктемесінің жоғарғы шекті көлемі 24 сағатты құрады, оның ішінде инвариантты оқу жүктемесі 23 сағатты құрады. Вариатив апталық оқу жүктемесі – 1 сағат

Білім беру саласының инвариантты компонентінің жылдық оқу жүктемесі – 828 сағат құрады. Вариатив компоненттің жылдық оқу жүктемесінің жалпы көлемі 36 сағатты құрады. Жылдық оқу жүктемесінің жоғарғы шекті көлемі барлығы – 864сағат құрады.

3-сыныпта жұмыс оқу бағдарламасы бойынша апталық оқу жүктемесінің жоғарғы шекті көлемі 26 сағатты құрады, оның ішінде инвариантты оқу жүктемесі 25 сағатты құрады (сыныпта пән бойынша бөлгенде). Вариатив апталық оқу жүктемесі – 1 сағат.

Білім беру саласының инвариантты компонентінің жылдық оқу жүктемесі – 900 сағат құрады. Вариатив компоненттің жылдық оқу жүктемесінің жалпы көлемі 36 сағатты құрады. Жылдық оқу жүктемесінің жоғарғы шекті көлемі барлығы – 936 сағат құрады.

4-сыныпта жұмыс оқу бағдарламасы бойынша апталық оқу жүктемесінің жоғарғы шекті көлемі 26 сағатты құрады, оның ішінде инвариантты оқу жүктемесі 25 сағатты құрады (сыныпта пән бойынша бөлгенде). Вариатив апталық оқу жүктемесі – 1 сағат.

Білім беру саласының инвариантты компонентінің жылдық оқу жүктемесі – 900 сағат құрады. Вариатив компоненттің жылдық оқу

жүктемесінің жалпы көлемі 36 сағатты құрады. Жылдық оқу жүктемесінің жоғарғы шекті көлемі барлығы – 936 сағат құрады.

Негізгі білім беру мектепте

5-сыныпта жұмыс оқу бағдарламасы /оқыту қазақ тілінде/ бойынша апталық оқу жүктемесінің жоғарғы шекті көлемі 28,5 сағатты құрады, оның ішінде инвариантты оқу жүктемесі 28 сағатты құрады. Вариатив апталық оқу жүктемесі – 0,5 сағат.

Инвариантты компоненттің жылдық оқу жүктемесі 1008 сағатты құрады. Вариатив компоненттің жылдық оқу жүктемесінің жалпы көлемі – 18 сағат. Барлығы – 1026.

6 сыныпта жұмыс оқу бағдарламасы /оқыту қазақ тілінде/ бойынша апталық оқу жүктемесінің жоғарғы шекті көлемі 28,5 сағатты құрады, оның ішінде инвариантты оқу жүктемесі 28 сағатты құрады. Вариатив апталық оқу жүктемесі – 0,5 сағат.

Инвариантты компоненттің жылдық оқу жүктемесі 1008 сағатты құрады. Вариатив компоненттің жылдық оқу жүктемесінің жалпы көлемі – 18 сағат. Барлығы – 1026.

7-сыныпта жұмыс оқу бағдарламасы бойынша апталық оқу жүктемесінің максималды көлемі 31,5 сағатты құрады, оның ішінде инвариантты оқу жүктемесі 31 сағатты құрады. Вариативтік компонент 0,5 сағат.

Білім беру саласының инвариантты компонентінің жылдық оқу жүктемесі – 1116 сағат құрады. Вариатив компоненттің жылдық оқу жүктемесінің жалпы көлемі 18 сағатты құрады. Жылдық оқу жүктемесінің жоғарғы шекті көлемі барлығы – 1134 сағат құрады.

8-сыныптарда жұмыс оқу бағдарламасы бойынша апталық оқу жүктемесінің максималды көлемі 32,5 сағатты құрады, оның ішінде инвариантты оқу жүктемесі 32 сағатты құрады. Вариативтік компонент 0,5 сағат.

Білім беру саласының инвариантты компонентінің жылдық оқу жүктемесі – 1152 сағат құрады. Вариатив компоненттің жылдық оқу жүктемесінің жалпы көлемі 18 сағатты құрады. Жылдық оқу жүктемесінің жоғарғы шекті көлемі барлығы – 1170 сағат құрады.

9-сыныпта жұмыс оқу бағдарламасы бойынша апталық оқу жүктемесінің жоғарғы шекті көлемі 34 сағатты құрады, оның ішінде инвариантты оқу жүктемесі 33 сағатты құрады (сыныпта пән бойынша бөлгенде). Вариативтік компонент 1 сағат.

Білім беру саласының инвариантты компонентінің жылдық оқу жүктемесі – 1188 сағат құрады. Вариатив компоненттің жылдық оқу жүктемесінің жалпы көлемі 36 сағатты құрады. Жылдық оқу жүктемесінің жоғарғы шекті көлемі барлығы – 1224 сағат құрады.

3) сыныптарды, оның ішінде инклюзивті білім беру шеңберінде ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар білім алушылардың ерекшеліктерін ескере отырып, топтарға бөлуге қойылатын талаптарды сақтау.

2023-2024 оқу жылында сыныпты екі топқа бөлу болған жоқ.

Оқу мерзіміне өлшемшарттар:

1) тиісті деңгейдегі жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын игеру мерзімдеріне қойылатын талаптарды сақтау;

2) сыныптар бойынша оқу жылының ұзақтығына және күнтізбелік жылдағы каникул уақытының ұзақтығына қойылатын талаптарды сақтау.

2023-2024 оқу жылында

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 12 тамыздағы 363 бұйрығына сәйкес «Орта білім беру ұйымдарында 2023-2024 оқу жылының басталуын, ұзақтығын және демалыс кезеңдерін айқындау туралы» мерзімдері белгіленді.

1) 2023-2024 оқу жылының басталуы -1 қыркүйек

2) Оқу жылының ұзақтығы 1-сыныптарда-35 оқу аптасы, 2-11-сыныптарда-34 оқу аптасын құрайды.

3) Оқу жылы ішіндегі каникул кезеңдері:

1-11 сыныптарда күзгі каникул—7 күн (2023 жылғы 31 қазан-6 қарашаны қоса алғанда), қысқы каникул—9 күн (2023 жылғы 31 желтоқсан мен 2024 жылғы 8 қаңтарды қоса алғанда), көктемгі каникул—9 күн (2024 жылғы 18-26 наурыз аралығында) 1-сыныптарда қосымша каникул—7 күн(2024 жылғы 6-12 ақпан аралығында).

5) Оқу- материалдық активтер. Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып білім беру мазмұнына өлшемшарттар:

«Ақтөбе облысы білім басқармасының Алға ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Сарықобда орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі пайдалануға берілген жылы 1 қыркүйек 1982 жылы ашылған, 2 қабаттан тұрады. Мектептің сыйымдылығы 320 орын.

Жалпы мектептің ауданы, құрылыс көлемі 1923 сот. ш. м., жалпы пайдалы ауданы 531 ш.м.

